

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2026 жылғы 23 маусымдағы № 37/5 шешімі

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 26-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 22 тамыздағы № 306 "Ауызсуды беру жөніндегі қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метріне төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36700 болып тіркелген) сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері бекітілсін:

1) тұтыну нормативі шегінде ауызсуды өз қажеттіліктері үшін пайдаланатын халық үшін – ауызсудың 1 текше метрі үшін 120 теңге;

2) бір адамға тәулігіне 140 литр көлеміндегі су тұтыну нормативінен асқан жағдайда ауызсуды өз қажеттіліктері үшін пайдаланатын халық үшін – ауызсудың 1 текше метрі үшін 156 теңге.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының төрағасы В. Бубенко